



11 наурыз, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ



### ҚХР ТӨРАҒАСЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпинді Қытай Халық Республикасының Төрағасы лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, жеделхат жолдады.

«Өткен «екі сессия» қорытындысы бойынша қабылданған маңызды шешімдер мен Сіздің парасатты саясатыңыз халқыңызды биік құндылықтарға жетелеп, Қытайдың болашағын жарқын, ал дамуын баянды етуде мызғымас негіз болатынына нық сенімдімін. Қазақстан мен Қытай арасындағы тығыз байланыстардың ауқымы жылдан-жылға кеңейіп келе жатқанын аса ризашылықпен атап өтемін. Осы жетістіктеріміз Сіздің

қосып отырған сүбелі үлесіңіз бен жеке қолдауыңыздың нәтижесі деп білемін. Былтыр қыркүйекте Қазақстанға жасаған нәтижелі сапарыңыз ықпалдастығымыздың келесі «30 жылдық алтын дәуіріне» жол ашқаны ерекше қуантады» деп жазылған жеделхатта.

Президент Қытай Төрағасының игі бастамаларына сәттілік, жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас Қытай халқына құт-береке тіледі.

## ӨРКЕН

### КҮРЕТАМЫР КӨШЕ КӨРІКТЕНЕДІ


Президент 2025 жылға қарай жолдардың 95 пайызын жөндеп, ретке келтіруді тапсырды. Оны орындау үшін жол саласындағы мекемелер жұмысқа оң өзгеріс енгізуге кірісті. Айталық, облыс орталығындағы Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейін Бейбарыс сұлтан көшесін реконструкциялау жүйелі жұмыстың басы болып отыр. Сондай-ақ, Н.Назарбаев даңғылынан дариядағы көпірге дейін де қайта жаңғыртудың қызу жұмысы басталып кетті.

Айдар САЙЛАУОВ «Сыр бойы»

2-бет



## БАС ЖОСПАР



5/11

### «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕР

1	Абдуллаев Бахытжан Аманкелдиевич	12	Жарылқасынов Алтынбек Шақимаевич	23	Миралиев Куандық Шыныбекович
2	Абибуллаева Аида Ибрагимовна	13	Жорабек Медет Ерданаұлы	24	Мусаева Гульшат Исаевна
3	Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы	14	Ибраев Рашид Уткельбаевич	25	Налибаев Максұт Ибрайханович
4	Базарбаев Батырхан Бахытбекович	15	Ибраев Нұрболат Балтабаевич	26	Нұрымбетов Жорабек Ибрагимович
5	Базарбай Раушан Ахметуллақызы	16	Искаков Бақдаулет Кулбекович	27	Нұрсейтов Қайрат Болатұлы
6	Базартай Жандос Нұртайұлы	17	Искендер Ержан	28	Рахметов Алмас Алтынбаевич
7	Байкамамов Наурызбай Сейтқалиевич	18	Казбекова Мира Жомартқызы	29	Сиюев Сағатбек Куанышбаевич
8	Бақытбекұлы Нұркен	19	Қасымова Айсулу Жумабаевна	30	Тлес Талғат Оспанұлы
9	Джумадилаев Мурат Алимбаевич	20	Кожарипова Жаннат Шайхсламовна	31	Тлеумбетов Мурат Жолкелдиевич
10	Ергешбаев Мурат Нальхожаевич	21	Кулмағанбетов Талғат Бекмурзаевич	32	Усаин Медет
11	Ескалиева Гульнара Бабабековна	22	Махашов Бақдаулет Еркінбекович	33	Шаменова Балжан Мұралиевна
				34	Шамуратов Нажмадин Шақизадаевич

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ №21 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАТ ШАХАРОВ АЖНИАЗ ИМАНЗАДАҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### ӨМІРБАЯН



Мен, Шахаров Ажанияз Иманзадаұлы, 1976 жылы 12 шілдеде Қызылорда қаласында көпбалалы, қарапайым отбасында дүниеге келдім. 1983 жылы К.Маркс атындағы №6 орыс орта мектебіне бардым. 1991 жылы 8 сыныпты бітірген соң Шымкент қаласындағы арнайы әскери мектепке оқуға түстім. Отбасы жағдайына байланысты оқуды Қызылорда қаласындағы №1 кешкі орта мектепте жалғастыра отырып, еңбек жолымды «Казинтерконтакт Казахстан» кооперативінде диспетчер болып бастап, 1994 жылға дейін жұмыс істедім.

1994-1995 жылдары «Қарттар мен мүгедектер үйінде» слесарь болдым.

1995 жылы Қызылорда облысы Кеден басқармасының жолдамасымен Казак мемлекеттік Заң институтына оқуға түстім.

1995-1997 жылдары Отан алдындағы әскери борышымызды өтедім.

2003 жылы Казак академиялық университетін бітірдім. 2003-2007 жылдары жеке жұмыс істеп, халыққа заң тұрғысынан кеңес берумен айналыстым.

2007-2014 жылдары «ТПК Алагер» ЖШС-да заңгер қызметін атқардым. 2020 жылға дейін «Отан Сакшы» заң кеңес беру жеке мекемесінің басшысы болдым.

2016 жылдан кеңес беруші заңгер, кәсіби медиатормын. Отбасылымын.

#### Құрметті жерлестер!

Мен – аяулы Алаштың анасына айналған осы Сыр елінің тумасымын. Елдің де, жердің де жайын, ондағы халықтың сан мыңдаған мәселелерін және оның шешімдерін жақсы білемін. Баршаныңға белгілі, күні бүгінге дейін күр сөз, құрғақ үдеге халық өбден тойды. Оның зардабын да бір адамдай тартып жатқанымыз жасырын емес.

Ұстазым, академик Салық Зиманұлы Зиманов айтқан ұлағатты сөз бар еді: «Келешекте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісіне халықтан шыққан әділ, жанашыр билер келіп, халық пен билік арасындағы қарым-қатынасты алшақтатпай, әділдікті таразыдай тепе-тең ұстап, ынтымақ пен бейбітшілікті қатан сақтауға тиіс. Ал егер ондай тәртіп болмаса, мемлекеттің заңы заңсыздыққа ұласып, жемқорлықтамырдай жайлап, ол мемлекет көп ұзамай құрдымға кетеді». Осынау ұлағатты сөз, егер депутат дұрыс болмаса, мемлекетіміз бен ұлтымызға үлкен қауіп төнеді дегенді білдіреді. Сондықтан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Қызылорда облысының №21 бірмандатты сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынған кандидат ретінде сөзден гөрі нақты іске бағытталған, қасиетті 7 санына негізделген мынадай сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

1. Халықтың жалпы әлеуметтік

жағдайын жақсарту мақсатында Қазақ елінің табиғи байлығынан Қазақстан Республикасының әрбір азаматына үлес бөліп беру мәселесін шешуге атсалысу;

2. 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге ай сайынғы жәрдемақы тағайындау;

3. Облысымыз экологиялық аймаққа кіретін болғандықтан, барша азаматтарымызға жеңілдіктер қарастыру;

4. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар, аз қамтылған отбасылар, көпбалалы аналар, зейнеткерлер, соғыс ардагерлері және мектеп оқушыларына қоғамдық көліктерде ақысыз тегін жүру мәселесін қарастыру;

5. Еліміз бойынша өзекті мәселелердің бірі – несиелерді кешіру;

6. Абақтыдағы азаматтарға Жана Қазақстан құрылуы қарсаңында рахымшылық жасау;

7. Ата-баба салт дәстүрлерін жаңғырту мақсатында мектеп оқулықтарына өзгерістер енгізіп, оқытуды қолға алу.

#### Құрметті сайлаушылар!

Жана Қазақстан дегеніміз сіз бен біздің – әрбіріміздің ел өміріндегі жанашылдықтарды, игіліктерді сезінуі деп есептеймін. Әрбір азаматтың жайлы да қауіпсіз, баршылық пен молшылықта, берекелі де бақытты өміріне мемлекет мүдделі болуы керек деп санаймын.

Жана Қазақстанды бірге құрайық! Сіздер қолдау көрсетеді деп сенемін.









